

Қазақстан Республикасы жедел медициналық жәрдем қызметінің 2025 жылдың 12 айындағы қызметіне талдау.

Жедел медициналық жәрдем қызметі (бұдан әрі – ЖМЖ) 20 дербес станциядан, 97 қалалық қосалқы станциядан және 204 аудандық бөлімшеден тұрады.

Облыстық / қалалық ЖМЖ станцияларында бір ауысымда **ЖМЖ 1 636 көшпелі бригадасы** жұмыс істейді, оның ішінде 258 (16%) мамандандырылған (дәрігерлік) және 1 378 (84%) фельдшерлік бригада. ЖМЖ станцияларының дәрігерлік және фельдшерлік бригадаларының арақатынасы **16/84** құрайды. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша ЖМЖ қалалық бөлімшелерінде 1006 бригада, ауданда 630 бригада жұмыс істейді.

Кадрлар:

ЖМЖ қызметінің кадрлармен қамтылуы **87,9%** құрады (2024 ж. 12 ай – 86,8%). Есепті кезеңде дәрігерлік кадрлармен жасақталу 1,1% - ға кеміді және 76.2% құрады (2024 ж. 12 айы – 75.8%), орта медицина қызметкерлерімен жасақталу 0,6% - ға ұлғайды және 89,3% құрады (2024 ж.12 ай – 88,7%).

ОЖМЖС-ті дәрігерлік кадрлармен жасақтаудың төмен деңгейі Ақмола (39,3%), Ақтөбе (53,4%), Атырау (72,6%), Жетісу (23,0%), Батыс Қазақстан (29,0%), Қарағанды (50,0%), Қостанай (53,8%), Маңғыстау (72,0%), Ұлытау (29,2%) облыстарында және Алматы (73,0%), Астана (69,8%) қалаларында байқалады.

Ақпараттық жүйелер

Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және 17 облыста шақыруларды басқарудың автоматтандырылған жүйесімен (АБЖ) жарақтандыру деңгейі 100% құрайды.

№ р/с	Өңірлер	АБЖ түрі
1	Абай обл.	КОМЕК
2	Ақмола обл.	АДИС+КОМЕК
3	Ақтөбе обл.	SMART 103
4	Алматы обл.	КОМЕК-103
5	Атырау обл.	КОМЕК
6	ШҚО	КОМЕК
7	Жамбыл обл.	КОМЕК
8	Жетісу обл.	КОМЕК
9	БҚО	SMART 103
10	Қарағанды обл.	SMART 103
11	Қостанай обл.	SMART 103
12	Қызыорда обл.	КОМЕК
13	Маңғыстау обл.	КОМЕК
14	Павлодар обл.	КОМЕК
15	СҚО	КОМЕК
16	Түркістан обл.	КОМЕК
17	Ұлытау обл.	SMART 103

18	Шымкент қ.	АРМАКОМ
19	Алматы қ.	SMART 103
20	Астана қ.	АИС КОМЕК

Санитариялық автокөлік. Медициналық жабдықтар.

Бүгінгі таңда ЖМЖС теңгерімінде **2 646 бірлік санитариялық автокөлік** бар, оның ішінде **1 689 бірлік қалада және 957 бірлік ауылдық жерде**. ЖМЖС-ның теңгерімінде бар ЖМЖ автокөліктерінің **2 278-і жүріп тұрған**, бұл 86,1% құрады.

Санитариялық автокөлік кластары туралы ақпарат мынадай:

А Класс – 402 бірлік, оның ішінде қалада 174 бірлік және 228 бірлік ЖМЖ аудандық бөлімшелерінде;

В Класс – 1 551 бірлік, оның ішінде қалада 970 бірлік және 581 бірлік ЖМЖ аудандық бөлімшелерінде;

С Класс – 693 реанимобиль, оның ішінде қаладағы 545 реанимобиль ЖМЖ аудандық бөлімшелерінде 148 реанимобиль.

2025 жылдың 12 айына санитариялық автокөліктің тозуы **5,1%-ға** артып, **65,5%** құрады (2024 ж. 12 айы – 60,4%). Жоғары тозу Абай (90,6%), Ақмола (78,0%), Атырау (71,0%), Шығыс Қазақстан (77,4%), Жетісу (68,1%), Батыс Қазақстан (89,0%), Қарағанды (69,3%), Павлодар (86,8%), Солтүстік Қазақстан (68,6%) облыстарында және Астана (72,0%), Шымкент (70,0%) қалаларында байқалады.

2025 жылдың 12 айында 337 бірлік санитарлық автокөлік сатып алынды. Оның ішінде жергілікті бюджет есебінен – 313 бірлік, республикалық бюджет есебінен – 0, мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы – 0, меншікті қаражат есебінен – 14, гуманитарлық көмек ретінде – 10 бірлік, демеушілік көмек ретінде – 0 бірлік.

Санитариялық автокөлік

2025 жылдың 12 айында сатып алынған санитарлық автокөліктердің жалпы саны: 337 бірлік.

Қаржыландыру көздері:

1. Жергілікті бюджет: 313 бірлік.

- Абай облысы – 1 бірлік
- Ақмола облысы – 26 бірлік
- Жамбыл облысы – 14 бірлік
- Батыс Қазақстан облысы – 5 бірлік
- Қарағанды облысы – 2 бірлік

- Қостанай облысы – 50 бірлік
- Маңғыстау – 32 бірлік,
- Солтүстік Қазақстан облысы – 4 бірлік
- Ұлытау облысы – 2 бірлік
- Шымкент қаласы – 39 бірлік
- Алматы қаласы – 50 бірлік
- Астана қаласы – 26 бірлік

2. Гуманитарлық көмек: 10 бірлік

- Алматы облысы – 10 бірлік
-

3. Демеушілік көмек: 0 бірлік

4. Меншікті қаражат есебінен: 14

Ақтөбе – 14 бірлік

Санитариялық автокөлікті GPS навигациясымен жабдықтау 99,4% құрайды. Медициналық жабдықтармен жарақтандыру 2025 жылдың 12 айында қалада 98,6%, ауылдық жерлерде 97,4% (2024 жылы 12 айда қалада 98,8%, ауылдық жерлерде 98,1%) құрады.

ЖМЖ қызметінің инфрақұрылымы туралы ақпарат 31.12.2025 ж. жағдай бойынша

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ел өңірлерінде жедел медициналық жәрдем қызметінің инфрақұрылымын дамыту деңгейі біркелкі емес. Облыстардың едәуір бөлігінде станциялар мен қосалқы станциялар бойынша өзгерістердің болмауы байқалады, бұл инфрақұрылымның белсенді кеңейтілмей, тұрақтанғанын көрсетеді. Сонымен қатар бірқатар өңірлерде құрылыс жұмыстары жүргізілуде, жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде немесе жаңа нысандар жоспарлануда, бұл ЖМЖ желісінің кезең-кезеңімен жаңғыртылып жатқанын білдіреді.

Салынды:

- Жетісу облысында – 2 қосалқы станция (2023 жылы Ескелді және Панфилов аудандарында);
- Қарағанды облысында – 2 қосалқы станция (№2 және №4 қосалқы станциялар);
- Алматы қаласында – 14 қосалқы станция.

Қосалқы станциялар/аудандық бөлімшелер бойынша құрылыс жүргізілуде:

- Жетісу облысында 2023–2025 жылдары елде алғаш рет блокты-модульдік үлгідегі қосалқы станциялар Ескелді, Панфилов, Кербұлақ, Қаратал аудандарында және Текелі қаласында ашылды. Маңғыстау облысында жедел медициналық жәрдем станциясының құрылысы жүргізілуде;
- Қарағанды облысында – 2 нысан (Саран қаласында 503 ш.м және Абай ауданы Топар кентінде 320 ш.м);
- Алматы қаласында – 1 нысан.

Станциялар салу жоспарлануда:

- Жамбыл облысында – 1;
- Батыс Қазақстан облысында – 1;
- Қостанай облысында – 1;
- Солтүстік Қазақстан облысында – 1.

Қосалқы станциялар/аудандық бөлімшелер салу жоспарлануда:

- Абай облысында – 1;
- Ақтөбе облысында – 1 (қалада);
- Атырау облысында – 1 (қалада);
- Алматы облысында – 1;
- Жетісу облысында – 3 (Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарында);
- Қарағанды облысында – 1 (Оңтүстік-Шығыс ауданында);
- Түркістан облысында – 4;
- Алматы қаласында – 3;
- Астана қаласында – 1 («Алматы» қосалқы станциясының құрылысы).

2024 – 2025 жылдар кезеңіндегі сапалық көрсеткіштерді талдау.

2025 жылдың 12 айында қоңыраулар саны **0,1%-ға азайып, 8 123 798 шақыртуды** құрады (2024 жылы 12 айда – 8 531 652). Есепті кезеңде 1000 тұрғынға шақырту 394,4% құрады (2024 жылы 12 айда – 416,9%).

Жеделділік санаттары бойынша 12 айға шақыртулардың құрылымы мынадай:

- жеделділіктің **1-санаттағы** шақырулардың үлесі **0,4%-ға өсті** және есепті кезеңде **431 637** шақыруды (5,3%) құрады (2024 жылы 12 айда – 418 879 (4,9%). Жеделділіктің 1 санатындағы шақырулардың артуы Ақмола облысында 0,3% - ға, Ақтөбе облысында – 0,2%, Алматы облысында 1,0%, Атырау облысында - 0,5%, ШҚО – 0,7%, Жамбыл облысында 0,7% - ға, БҚО – 0,1%, Қарағанды – 0,3%, Қостанай – 1,7%, Қызылорда – 0,2%, Маңғыстау облысында 0,7% -ға, Түркістан

облысында – 0,2%, Ұлытау облысында 0,4% -ға және Шымкент 3,4% қаласында байқалады.

- жеделділіктің **2-санаттағы** шақырулардың үлесі **1,8%** - ға **ұлғайды** және есепті кезеңнің 12 айында **2 558 800** шақыруды (31,5%) құрады. (2024ж. 12 айында – 2 537 064 (29,7%)).

Жеделдіктің 2- санатындағы шақыртулардың Абай 2,1%, Атырау – 0,7%, ШҚО 5,6%, Жамбыл - 1,1%, Жетісу - 0,6%, Қарағанды - 3,2%, Қызылорда – 4,5%, Маңғыстау – 1,6%, Павлодар – 0,3%, СҚО - 3,6%, Ұлытау – 2,5%, және Шымкент – 2,5%, Алматы қаласында 1,7%-ға ұлғаюы байқалады;

- жеделділіктің **3-санатындағы** шақыртулардың үлесі **0,1%** өсті және есепті кезеңде **2 355 290** шақыруды (29,0%) құрады. (2024 ж. 12 айында – 2 467 344 (28,9%)).

- жеделділіктің **4 - санатындағы** шақыртулардың үлесі **2,2%** – ға кеміді, қоңыраулар саны - **2 778 071** (34,2%), (2024 ж. 12 айында – 3 108 365 (36,4%)).

ЖМЖ станцияларының бригадалары қызмет көрсеткен жеделдіктің **4-санатындағы** шақыруларының үлесі **25,0%** - ға артты және **1 511 502** шақыруды (54,4%) құрады. (2024 ж. 12 айында – 914 812 (29,4%)).

4-санаттағы шұғыл шақырулардың ең көп санына Абай (76,7%), Ақмола (62,2%), Атырау (63,4%), Жетісу (85,3%), Маңғыстау (64,3%), Павлодар (58,3%), Солтүстік Қазақстан (58,8%), Ұлытау облыстары (65,7%) және Алматы (86,1%), Астана (61,3%) қалаларында ЖМК бригадалары қызмет көрсетті.

МСАК ұйымдастыру кезінде ЖМК бригадалары қызмет көрсеткен жеделдіктің **4 санатындағы** шақырулардың үлесі **25,0%** - ға азайды және **1 266 569** шақыруды (45,6%) құрады. (2024 ж. 12 айында – 2 193 553 (70,6%)).

Анықтама: Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы деректеріне сәйкес, 2025 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында МСАК ұйымдарының саны – 688. Тіркелген халық саны (РПН бойынша) – 20 378 336 адам. 25 мың және одан аз халыққа 4-санаттағы шұғылдық бойынша қызмет көрсету үшін 1 мобильді бригада қажеттілігі – 887. Мобильді бригадаларды аутсорсинг арқылы тарту 193.


4-санаттағы шұғылдық бойынша қызмет көрсететін мобильді бригадалардың нақты саны – 809.

Жалпы мобильді бригадалар саны – 1002.

Аутсорсингті қоса есептегендегі мобильді бригадалармен қамтамасыз етілу деңгейі – 112,97%.

Аутсорсингті есепке алмағанда қамтамасыз етілу деңгейі – 97,21%.

Сырқаттанушылық құрылымы бойынша шақырулар саны



Есепті кезеңде республика бойынша ШМК бригадасы 8 123 798 шақыртулары келесі **нозологиялардан** тұрады:

бірінші орында – 1 945 231 (23,9%) тыныс алу ағзаларының аурулары;
 екінші орында – 1 575 003 (19,4%) ҚЖА;
 үшінші орында – 1 351 634 (16,6%) басқа аурулармен шақыру;
 төртінші орында – 795 699 (9,8%) жарақат, жазатайым оқиғалар және улану, *оның ішінде ЖКО – 44 427 (0,5%);*
 бесінші орында – 778 334 (9,6%) неврологиялық аурулар;
 алтыншы орында – 563 610 (6,9%) асқазан-ішек жолдарының аурулары;
 жетінші орында – 391 522 (4,8%) қоңырау акушерлік практикадағы кезек күттірмейтін жағдайлар және гинекологиялық аурулар;
 сегізінші орында – 357 608 (4,4%) инфекциялық аурулармен шақыру;
 тоғызыншы орында – 201 136 (2,5%) іш қуысының жедел хирургиялық ауруларымен шақыру;
 оныншы орында – 164 021 (2,0%) зәр шығару жолдарының аурулары.

2025 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша **кеш орындалған шақырулардың үлесі 1,6% - ға азайып, 248 349 (3,1%)** құрады (2024ж. 12 айында – 403 499 (4,7%)).

Кешігудің жоғары деңгейі Алматы обл (6,2%), БҚО (3,2%), Маңғыстау (7,9%) облыстарында және Астана (6,6%), Алматы (7,2%) қалаларында байқалады.

Шұғыл санаттар тізімі бойынша 2025 жылдың 12 айында кешігіп жасалған қоңыраулар 2024 жылдың 12 айымен салыстырғанда келесідей көрінеді:

Жеделдік санаты	2024 жылы (%)	2025 жылы (%)
1-санат бойынша	6,7%	4,5%
2 -санат бойынша	5,2%	3,3%
3 -санат бойынша	5,5%	3,0%
ЖМЖС бригадалары қызмет көрсеткен 4-санат бойынша	3,5%	2,7%
МСАК жанындағы ЖМЖ бригадалары қызмет көрсеткен 4-санат бойынша	2,9%	2,8%

2025 жылдың 12 айында емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім көрсеткіші **0,04% - ға артып, 0,51% -ні** құрады (2024ж. 12 айында - 0,47%). Республикалық деректерде жоғары емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім көрсеткіші Алматы облысы (0,93%), Жамбыл (0,63%), Қостанай (0,68%), Маңғыстау (0,57%), Павлодар (0,65%), Солтүстік Қазақстан (0,57%), Түркістан (0,69%) облыстары және Шымкент (0,62%) қаласында байқалады.

Емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітімнің өсуі Алматы облысында (0,06%), Жамбыл (0,13%), Жетісу (0,02%), Маңғыстау (0,15%), Павлодар (0,07%), Түркістан (0,07%) және Шымкент (0,03%) қаласында орын алады.

Емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітімнің төмендеуі Абай – 0,01%, Ақмола – 0,01%, Шығыс-Қазақстан - 0,01%, Қарағанды - 0,03% -ға, Қостанай облысында 0,05%, және Астана қаласында 0,02% - ға орын алады.

Сәтті реанимация көрсеткіші 7,9% - ға өсіп, есепті кезеңде 61,0% - құрады (2024 ж. 12 айында – 53,1%). Республикалық деректерден жоғары табысты реанимация көрсеткіші Абай (89,5%), Ақтөбе (62,7%), Атырау (70,8%) Шығыс Қазақстан (73,1%), Жамбыл (83,1%), Жетісу (74,6%), Қызылорда (64,0%) Маңғыстау (100%), Павлодар (82,6%), Солтүстік Қазақстан облыстарында (71,0%) Ұлытау (64,3%), және Шымкент (70,0%), Астана (61,8%), қалаларында көрсетілген.

Бұл көрсеткіштің төмен деңгейі Ақмола (50,9%), Алматы облысы (57,5%), Батыс Қазақстан (54,5%), Қарағанды (34,4%), Қостанай (58,6%), Түркістан (53,8%) облыстарында Алматы (58,4%) қаласында байқалады.

Шақыруды қабылдаудан бастап **ЖМЖ бригадасына бергенге дейінгі орташа шақыру уақыты** жеделдіктің 1-санаты бойынша 1,6 минутты,

жеделдіктің 2-санаты бойынша – 2,3 минутты, жеделдіктің 3 санаты бойынша – 4,2 минутты, 4 санат бойынша – 8,0 минутты құрайды.

ЖМЖ бригадасына «103» шақырту түскен сәттен бастап пациентке жеткенге дейінгі орташа уақыт жеделдіктің 1-санаты бойынша – 8,7 минут, жеделдіктің 2 санаты бойынша – 12,3 минут, жеделдіктің 3 санаты бойынша – 17,0 минут, 4 санат бойынша – 25,0 минут.

ЖМЖ бригадасының шақыруында болу уақыты жеделдіктің 1-санаты бойынша – 28,2 минут, жеделдіктің 2-санаты бойынша – 28,2 минут, 3 санат – 25,7 минут және 4 санат бойынша – 22,3 минут.


2025 жылдың 12 айындағы жарақаттар, оның ішінде ЖКО, жіті миокард инфарктісі және инсульт кезінде медициналық көмек көрсетудің интеграцияланған моделін үйлестіру кеңесі бойынша талдау.

ЖКО:

Ұсынылған деректер бойынша республика бойынша 2025 жылдың 12 айында ЖМЖ бригадалары **жарақат бойынша 795 699 шақыруға** қызмет көрсетті (2024 ж. 12 айында. – 741 728). 2025 жылдың 12 айында **ЖКО бойынша** ЖМЖ шақыруларының саны республика бойынша 44 427 (5,6%) шақыртуды құрады, оның ішінде қалада – 31 920 (71,8%), трассада – 5 961 (13,4%) және ауылдық жерлерде – 6 546 (14,7%).

Өңірлер бойынша ЖКО үлес салмағы, %

Удельный вес ДТП по регионам, %



Республикалық көрсеткіштен жоғары ЖКО бойынша шақырту деңгейі Алматы (0,7%), Атырау (0,6%), облыстары және Шымкент (0,9%), Астана (0,7%) қалаларында байқалады.

ЖКО-дан зардап шеккендердің саны 56 218 адамды құрады, оның ішінде стационарға жеткізілгендер – 36 087 (64,2%), оның ішінде стационарға жатқызылдарған – 14 287 (39,6%).

Облыстық және қалалық ЖМЖ деректері бойынша 2025 жылдың 12 айында **ЖКО-дан барлығы 1 369 адам қаза тапты, бұл зардап шеккендердің 2,4% құрайды**

ЖКО-дан өлім-жітім құрылымы стационарға дейін (емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім), қабылдау бөлмесінде және стационарда қаза тапқандар қатарынан құралады.

ЖКО кезінде емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім көрсеткіші бір деңгейде қалады және есепті кезеңде **99,3% - құрады (2024 ж. 12 айында – 99,1%).**

ЖКО кезінде ауруханаға дейінгі өлім-жітімнің жалпы санынан **ЖМЖ бригадасы келгенге дейінгі өлім – жітім көрсеткіші 1 317 жағдайды (96,9%), ЖМЖ бригадасының қатысуымен - 42 жағдай (3,1%)**


Қабылдау бөлмесінде қаза тапқандар саны 4 адамды құрады (ЖКО кезінде қаза тапқандардың жалпы санының 0,3%), стационарда қаза тапқандар саны да 6 адамды (0,4%) құрады.

ЖКО кезінде шақырылған сәттен бастап келу уақыты орташа есеппен 8 минутты құрайды.

Жіті миокард инфарктісі:

Ұсынылған деректер бойынша республика бойынша 2025 жылдың 12 айында ЖМИ-мен 30 447 қоңырауға қызмет көрсетілді, бұл қоңыраулардың жалпы санының 0,37% құрады (8 123 798). ЖМИ-мен шақыртудың ең жоғары деңгейі Алматы (0,65%), Жетісу (0,79%), Қарағанды (1,54%), Маңғыстау (0,67%) облыстарында және Шымкент (0,77%) қаласында байқалады. Өткен жылдың осы кезеңінде ЖМИ-мен 26 670 қоңырауға қызмет көрсетілді, бұл қоңыраулардың жалпы санының 0,31% құрады (8 531 652).

Аймақтар бойынша ЖМИ-мен шақыртулардың үлесі (%)



Тромболизис терапиясын (ТЛТ) жүргізу көрсетілген ЖМИ-мен жағдайлардың саны 1024 жағдайды құрады (ЖМ-мен шақыртулардың жалпы санының 3,4%).


ТЛТ жүргізуге көрсетілген жағдайлардың санынан жүргізілген ТЛТ үлесі – 90,3% (925 жағдай) құрады.

ЖМЖ бригадаларының қатысуымен емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім 15,9% құрады (105 жағдай).

Инсульт:

Ұсынылған деректер бойынша республика бойынша 2025 жылдың 12 айында инсультпен 57 270 шақыруға қызмет көрсетілді (шақырулардың жалпы 8 123 798 санының 0,7%) оның ішінде қалада 46 031 шақыру, ауылдық жерде 11 239 шақыру.

Аймақтар бойынша инсультпен шақыртулардың үлесі, %



ҚР ДСМ клиникалық хаттамаларына сәйкес емдеудің тиімділігі тромболизді уақтылы жүргізуге байланысты. Осыған байланысты, инсультпен ауыратын пациенттерді қала тұрғындары үшін алғашқы 40 минутта және ауылдық жерлерде 3 сағаттан аспайтын уақытта инсульт орталықтарына емдеуге жатқызуды қамтамасыз ету өте маңызды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің клиникалық хаттамасына сәйкес емнің тиімділігі тромболизисті уақтылы өткізуге байланысты. Осыған орай, инсультпен ауыратын науқастарды қалалық жерде алғашқы 40 минут ішінде, ал ауылдық жерлерде 3 сағаттан аспайтын мерзімде инсульт орталықтарына госпитализациялау өте маңызды.

Қалаларда II-III деңгейдегі медициналық ұйымдарға (инсульт орталықтары) алғашқы 40 минут ішінде госпитализацияланған науқастар саны 42 039 (99,9%) құрады, ал ауылдық жерлерде 9 199 (88,5%) болды.

2025 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша жедел жәрдем бригадаларының қатысуымен инсульттен бұрынғы госпитальдық өлім-жітім 3,5% (23 жағдай) болды. Инсульт кезінде госпитальға дейінгі өлім-жітім негізгі аурудың ауыр ағымымен, сананың бұзылуы, тыныс алу және жүрек-қан тамырлары қызметінің бұзылуына байланысты, бұл бірінші ошақтың орналасуы мен көлеміне, сондай-ақ қосалқы патологиялардың болуына тәуелді.

Қорытындылар:

1. Шақырулардың саны 0,1% төмендеді;
2. Кешігіп қызмет көрсетілген шақырулардың үлесі 1,6%-ға азайды;
3. Санитарлық автокөліктің тозуы 5,2%-ға артты;
4. Сәтті реанимация көрсеткіші 7,9%-ға өсті;
5. Госпитальға дейінгі өлім-жітім 0,04%-ға көбейді.

Мәселелік сұрақтар:

- Жедел медициналық жәрдемге (ЖМЖ) арналған кешенді жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативінің жеткіліксіз деңгейі.
- 2025 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша санитариялық автокөліктердің тозу деңгейі 5,8%-ға артып, 66,2%-ды құрады (2024 жылдың 12 айында – 60,4%). Жоғары тозу деңгейі Абай облысы (90,6%), Ақмола облысы (78,0%), Атырау облысы (71,0%), Шығыс Қазақстан облысы (77,4%), Жетісу облысы (68,1%), Батыс Қазақстан облысы (89,0%), Қарағанды облысы (69,3%), Қостанай облысы (85,3%), Павлодар облысы (86,8%), Солтүстік Қазақстан облысы (68,6%) облыстарында, сондай-ақ Астана (72,0%) және Шымкент (70,0%) қалаларында байқалады.
- Қазақстан Республикасының өңірлерінде ЖМЖ станциялары/қосалқы станцияларын салу қажеттілігі бар, себебі қолданыстағы ғимараттар типтік емес және ең төменгі санитариялық талаптарға сәйкес келмейді (салынған жылдары: Солтүстік Қазақстан облысы – 1905 ж., Шығыс Қазақстан облысы – 1956 ж., Алматы облысы – 2002 ж., Жамбыл облысы – 1977 ж., Ақмола облысы – 1981 ж., Атырау облысы – 1994 ж., Батыс

Қазақстан облысы – 1948 ж., Павлодар облысы – 1991 ж., Ұлытау облысы – 1959 ж., Қостанай облысы – 1954 ж., Маңғыстау облысы – 1982 ж.).

- Облыстық жедел медициналық жәрдем станцияларында (ОЖМЖС) дәрігерлік кадрлармен қамтамасыз етілу деңгейі төмен. Бұл мәселе Ақмола облысы (39,3%), Ақтөбе облысы (53,4%), Атырау облысы (72,6%), Жетісу облысы (23,0%), Батыс Қазақстан облысы (29,0%), Қарағанды облысы (50,0%), Қостанай облысы (53,8%), Маңғыстау облысы (72,0%), Ұлытау облысы (29,2%) облыстарында және Алматы (73,0%), Астана (69,8%) қалаларында байқалады.
- (72,4%) қалаларында байқалады.

Шешу жолдары:

1. Инфляциялық тәуекелдерді және еңбекақының өсуін ескере отырып, тарифтерді жыл сайын қайта қарау;
2. Қосымша бригадалар құру;
3. Жедел медициналық жәрдем қызметкерлерін халықаралық стандарттар бойынша (BLS, ACLS, PALS, PHTLS) сапалы оқыту ұйымдастыру.